

ӘОЖ 314.1

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІ***Дюсенгалиева Н.М.***

4 курс студенті, 6B05201-«География» білім беру бағдарламасы,
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Салыкбаева Г.М.

Экология және география кафедрасының сениор-лекторы,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі.

Бұл зерттеудің мақсаты – Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарының әкімшілік бөлінісіндегі өзгерістерді ескере отырып, қазіргі демографиялық жағдайды жан-жақты бейнелеу. Бұл жағдай өңірдің жаңа шекараларына сәйкес жасалған Шығыс Қазақстанның демографиялық карталарында көрсетілген. Мақалада статистикалық мәліметтерге талдау жасалып, халық тығыздығы, табиғи қозғалыс және көші-қон карталары ұсынылған. Бұл карталар Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалау, даму үрдістерін анықтау және болашақ демографиялық өзгерістерді болжау үшін маңызды құрал болып табылады.

Кілт сөздер: демография, халық саны, миграция, урбанизация, туу көрсеткіші, өлім-жітім, этникалық құрам, халық тығыздығы, көші-қон айырымы.

Шығыс Қазақстан — Қазақстан Республикасының шығысындағы әкімшілік-аумақтық бірлік. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1997 жылғы 23 мамырда облыс құрамына таратылған Семей облысының территориясы қосылып, 2022 жылы 8 маусымда Шығыс Қазақстан және Абай облысы болып бөлінді. Абай облысының құрылуы Шығыс Қазақстан облысының аумағы мен халқының қайта бөлінуіне әкелді, нәтижесінде әр облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері жаңартылды.

Шығыс Қазақстан облысы ауданы – 97,8 мың шаршы шақырымға тең. Облыс орталығы – Өскемен қаласы. Облыс құрамына Өскемен, Риддер, Шемонаиха, Алтай, Зайсан және Серебрянск қалалары кіреді. Облыста 11 аудан бар: Глубокое, Алтай, Зайсан, Катонқарағай, Күршім, Самар, Тарбағатай, Ұлан, Шемонаиха, Үлкен Нарын және Марқакөл аудандары. Абай облысының ауданы - 185,5 мың шаршы шақырым. Семей (облыс орталығы), Курчатова, Аягөз және Шар қалалары Абай облысының құрамында. Облыста 10 аудан бар: Абай,

Аягөз, Ақсуат, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Көкпекті, Үржар және Жаңасемей, Мақаншы аудандары.

Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту барысында Тарбағатай ауданының құрамынан Ақсуат және Тарбағатай аудандары, ал Көкпекті ауданынан Самар және Көкпекті аудандары бөлінді. Қатонқарағай ауданын бөлу арқылы – Үлкен Нарын ауданы, Күршім ауданын бөлу арқылы – Марқакөл ауданы құрылды.

Абай облысындағы Үржар ауданынан Мақаншы ауданы бөлініп шықты және Семей қаласының маңындағы ауылдық елді мекендер топтастырылып, Жаңасемей ауданы құрылды.

2024 жылғы ресми статистикалық деректерге сәйкес, Абай облысының халқы 607589 адамды құрады. Оның ішінде қала тұрғындары – 372556 адам (жалпы халық санының шамамен 61,3%-ын), ал ауыл тұрғындары – 235033 адамды (38,7%) құрады. Бұл көрсеткіштер облыс халқының басым бөлігі урбанизацияланған аймақтарда шоғырланғанын көрсетеді.

Ал Шығыс Қазақстан облысы бойынша халық саны 724823 адамды құрады. Оның ішінде қала тұрғындары – 484820 адам (66,9%), ал ауыл тұрғындары – 240003 адамды (33,1%) құрайды. Бұл деректер өңірдегі урбанизация деңгейінің жоғары екендігін және халықтың басым бөлігі Өскемен, Риддер, Алтай қалаларында шоғырланғанын дәлелдейді.

2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы халқының орташа тығыздығы әрбір 1 км²-ге шаққанда 2,5 адамды құрайды. Бұл көрсеткіш өңір аумағының ауқымдылығына қарамастан, халықтың салыстырмалы түрде сирек қоныстанғанын көрсетеді. Облыс бойынша ең жоғары халық тығыздығы Глубокое ауданында – 7,7 адам/км² және Шемонаиха ауданында – 10,4 адам/км² тіркелген. Бұл аудандарда халықтың шоғырлануы облыс орталығына және көлік инфрақұрылымына жақындығымен тығыз байланысты.

Ал жаңадан құрылған Абай облысының аумағында халықтың орташа тығыздығы 3,3 адам/км² деңгейінде. Бұл көрсеткіш Шығыс Қазақстан облысымен салыстырғанда біршама жоғары. Айта кетсек, Бородулиха ауданында – 4,6 адам/км² және Мақаншы ауданында – 2,3 адам/км². Мұндай көрсеткіштер аймақтың географиялық орналасуы, ауыл шаруашылығы дамуы мен көші-қон үрдістерімен тікелей байланысты (сурет 1). Облыстың таулы, орманды және суы мол аймақтарында (мысалы, Катонқарағай мен Марқакөл) жер бедері шаруашылық жүргізуге қолайсыз болғандықтан, халық сирек қоныстанған. Ал жазық және көлік жолдарына жақын орналасқан өңірлерде (мысалы, Өскемен, Семей) халықтың шоғырлануы жоғары. Әкімшілік мәртебесі жоғары елді мекендер мен дамыған инфрақұрылымы бар өңірлерде халық тығыз орналасқан. Бұл әсіресе бұрынғы ядролық сынақ аймағынан зардап шеккен аудандармен салыстырғанда анық байқалады (мысалы, Бесқарағай, Бородулиха).

Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысының демографиялық процестерін кешенді талдау мақсатында ең алдымен статистикалық деректер жинақталды. Жоғарыда айтылғандай, әрбір облыстың аудандарының жаңа шекараларын белгілеп, ArcGIS бағдарламасының көмегімен демографиялық карталарды құрастырдық. ArcGIS бағдарламасы деректерді талдаудың түрлі әдістерін ұсынады. Бұл әдістерді пайдалана отырып, біз әрбір картаның аналитикалық маңызын анықтай алдық. Мысалы, халық тығыздығы картасы арқылы әрбір ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты халықтың қарқынды қоныстануын немесе керісінше, бос жерлерді көрнекі түрде бейнеледік. ArcGIS бағдарламасындағы әртүрлі картографиялық құралдар мен функцияларды қолдану демографиялық көрсеткіштерді жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Бұл жұмыстар Шығыс Қазақстанның демографиялық процестерін ғылыми тұрғыдан зерделеуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.


Картада (1-сурет) Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының қала және ауыл тұрғындары, халық тығыздығы туралы деректер көрсетілген.

Демографиялық процестерді зерттей отыра, Шығыс Қазақстан аумағындағы табиғи өсім көрсеткіштеріне талдау жүргізілді. Өңірдің жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сәйкес табиғи қозғалыс картасы жасалды. Бұл картада халықтың табиғи өсімінің оң және теріс көрсеткіштері кеңістіктік тұрғыда бейнеленіп, өңірдегі демографиялық өзгерістердің аумақтық ерекшеліктері анықталды. Туу және өлім көрсеткіштері туралы жаңа статистикалық деректерді жинақтап, картаға кесте түрінде көрсеттік.

2024 жылғы статистикалық деректер бойынша, Шығыс Қазақстан облысында туылғандар саны 6373 адам, ал қайтыс болғандар саны 6147 адамды құраған. Бұл көрсеткіштер облыстың табиғи өсімінің оң екенін көрсетеді. Туу көрсеткішінің жоғары мәндері келесі аудандарда байқалады: Зайсан ауданы (470 адам) және Алтай ауданы (386 адам). Өлім көрсеткіші Алтай ауданы мен Риддер қалалық әкімшілігінде ең жоғары. Қатонқарағай ауданы мен Марқакөл ауданы ең төмен өлім көрсеткішімен ерекшеленеді.

Абай облысында 2024 жылы жалпы туылғандар саны 9450 адамды, қайтыс болғандар саны 5419 адамды құрады. Ең жоғары туу көрсеткіші Семей қаласы (5011 адам) және Аягөз ауданында (1252 адам). Курчатов қаласы мен Абай, Көкпекті аудандарында ең төмен туу көрсеткішін көруге болады. Өлім көрсеткіші Семей қаласы мен Аягөз ауданында ең жоғары мәнге ие. Курчатов қаласы мен Абай аудандары ең төмен өлім көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Абай облысы аумағындағы табиғи қозғалыс көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижелері Семей қаласы, Жарма және Бородулиха аудандарында өлім-жітім деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Демографиялық процестерді бағалау барысында бұл аумақтардың тарихи және экологиялық жүктемеге ие екені анықталды. Атап айтқанда, бұл өңірлердің ұзақ жылдар бойы ядролық сынақ


аймағының ықпалында болғаны белгілі, бұл фактор тұрғындардың денсаулығына ұзақ мерзімді әсер етіп келеді. Сонымен қатар, егде жастағы халықтың үлесінің артуы, созылмалы аурулардың кең таралуы, әлеуметтік-экономикалық жағдай мен медициналық қызметтің әсері өлім-жітім көрсеткішіне ықпал ететін қосымша себептер ретінде қарастырылады. Осы ерекшеліктерді картада бейнелеу арқылы облыс аумағындағы табиғи өсімнің аумақтық айырмашылықтары нақты көрініс тапты.



1-сурет. Шығыс Қазақстанның халық тығыздығы

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында туу және өлім көрсеткіштері арасында айтарлықтай аумақтық айырмашылықтар байқалады. Бұл айырмашылықтар әлеуметтік-экономикалық факторларға, медициналық қызметтердің қол жетімсіздігіне және басқа да демографиялық сипаттамаларға байланысты болуы мүмкін. Аталған деректер аймақтық даму стратегияларын қалыптастыруда және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту шараларын жоспарлауда маңызды рөл атқарады (2-сурет).


Картадан табиғи өсімнің ең жоғары оң мәнді көрсеткіштері Өскемен, Семей қалаларында және Аягөз ауданында екенін көре аламыз. Керісінше, Риддер қаласы мен Алтай, Шемонаиха аудандарында табиғи өсімнің теріс мәнді көрсеткіштері байқалады.



2-сурет. Шығыс Қазақстанның табиғи қозғалысы

Екі облыста да Семей және Өскемен қалаларына халықтың көшуі байқалады, бұл қалалардың экономикалық және әлеуметтік орталықтар ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Глубокое және Ұлан аудандарына келушілердің санының жоғары екендігін картадан көре аламыз. Абай облысы аумағында, әсіресе Аягөз қаласында келушілердің саны жоғары.

Алайда, халықтың кетуі де айтарлықтай деңгейде, әсіресе Жарма ауданы (Абай облысы) және Шығыс Қазақстан облысының бірқатар аудандарында байқалады. Бұл көші-қонның себептері әлеуметтік-экономикалық факторларға, жұмыс орындарының болмауына және өмір сүру сапасына байланысты болуы мүмкін. Аймақтық даму стратегияларын әзірлеуде осы деректерді ескеру маңызды, себебі халықтың көші-қоны өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Ұсынылған картадан Шығыс Қазақстанның көші-қон үрдісінің ерекшеліктерін көруге болады (3-сурет).



3-сурет. Шығыс Қазақстанның көші-қоны

Берілген мақалада Шығыс Қазақстан өңірінің демографиялық жағдайына қатысты өзекті мәліметтер жинақталып, 2024 жылғы ресми деректер негізінде сипаттамалық шолу жасалды. Мақалада ұсынылған Шығыс Қазақстанның демографиялық карталары — аймақтың халық санының динамикасын, көші-қон қозғалысын және халықтың кеңістікте таралу ерекшеліктерін сипаттайтын маңызды дереккөз болып табылады. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Шығыс Қазақстан мен Абай облыстарының демографиялық дамуындағы әркелкілік пен аймақтық ерекшеліктер анықталды. Шығыс Қазақстанның демографиялық жағдайын зерттеу және оны картографиялық түрде көрсету жұмысы біз үшін өте маңызды тәжірибе болды. Мақалада ұсынылған деректер өңірдің әлеуметтік-экономикалық жоспарлауында, халық санына қатысты болжамдар жасауға және әлеуметтік инфрақұрылымды оңтайландыруда маңызды рөл атқарады. Осылайша, жасалған демографиялық карталар Шығыс Қазақстан облысының қазіргі демографиялық бейнесін көрсетіп қана қоймай, оның даму үрдістерін болжауға және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. Қазақстан Республикасының демографиялық көрсеткіштері бойынша есептер. <https://stat.gov.kz>, 2022.
2. Мақашева Л.М. Демографиялық зерттеулер: теория, әдістер және технологиялар. Алматы: Экономика, 2021.
3. Көбейхан С.С. Қазақстандағы демографиялық үрдістер және халық санының динамикасы. Алматы: Жеті жарғы, 2017.

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ

Дюсенгалиева Н.М.

Научный руководитель: Салыкбаева Г.М.

Целью данного исследования является всестороннее отображение текущей демографической ситуации с учетом изменений в административно-территориальном делении Восточного Казахстана и области Абая. Эта ситуация отображена на демографических картах Восточного Казахстана, составленных в соответствии с новыми границами региона. В статье проведен анализ статистических данных, представлены карты плотности населения, естественного движения и миграции. Эти карты являются важным инструментом для оценки социально-экономической ситуации

Восточного Казахстана, выявления тенденций его развития и прогнозирования будущих демографических изменений.

Ключевые слова: демография, численность населения, миграция, урбанизация, рождаемость, смертность, этнический состав, плотность населения, миграционный баланс.

DEMOGRAPHIC PROCESSES IN EAST KAZAKHSTAN

Dyusengalieva N.M.

Scientific Supervisor: Salykbaeva G.M.

The aim of this research is to provide a comprehensive representation of the current demographic situation, taking into account changes in the administrative and territorial division of East Kazakhstan and Abai regions. This situation is depicted on demographic maps of East Kazakhstan, created in accordance with the new boundaries of the region. The article analyzes statistical data and presents maps of population density, natural movement, and migration. These maps serve as an important tool for assessing the socio-economic situation of East Kazakhstan, identifying development trends, and predicting future demographic changes.

Keywords: demography, population size, migration, urbanization, birth rate, mortality, ethnic composition, population density, migration balance.

REFERENCES

1. Agency of Statistics of the Republic of Kazakhstan. Reports on demographic indicators of the Republic of Kazakhstan. <https://stat.gov.kz>, 2022.
2. Makasheva L.M. Demographic studies: theory, methods, and technologies. Almaty: Ekonomika, 2021.
3. Kobyekhan S.S. Demographic trends and population dynamics in Kazakhstan. Almaty: Zheti Zhargy, 2017.